

Бекжанов - Қазақстан Республикасының Парламенті
Берік Айдарбекұлы Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
Райымбеков - Қазақстан Республикасының Жер
Қаналбек Өтжанұлы ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі
төрағасының орынбасары
Сүлейменов - Қазақ гуманитарлық заң университеті жеке
Майдан Күнтуарұлы құқық ғылыми-зерттеу институтының
директоры (келісім бойынша)
Жекебаев - Қазақ гуманитарлық заң университеті
Шыңғыс Ұзыкенұлы азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының
меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты
(келісім бойынша)
Стамқұлов - Қазақстан Республикасының
Үбайдолла Мырзағалиұлы Конституциялық Кеңесінің мүшесі, заң
ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша)
Уақпаев - Қазақстан Республикасының Парламенті
Марат Сұлтанұлы Сенатының Аппараты Сараптама бөлімінің
меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты
(келісім бойынша)
Мороз - заң ғылымдарының докторы, профессор
Светлана Павловна (келісім бойынша)
Әкімбекова - заң ғылымдарының кандидаты
Саида Әмінқызы (келісім бойынша)
Идрышева - заң ғылымдарының кандидаты
Сара Қимәдиқызы (келісім бойынша)
Қыстаубай - заң ғылымдарының кандидаты, доцент
Өмірбай Сайынұлы (келісім бойынша)
Башымов - Қазақстан Республикасы Президентінің
Марат Советұлы жанындағы Адам құқықтары жөніндегі
комиссияның Сараптамалық-консультативтік
кеңесінің мүшесі (келісім бойынша)
Мамытбеков - Қазақстан Республикасының Индустрия
Еділ Құламқадырұлы және сауда вице-министрі
Нұғманов - "Атамекен" Одағы" Қазақстанның ұлттық
Тимур Ерсайынұлы экономикалық палатасы" заңды тұлғалар
бірлестігінің атқарушы дирекциясы заң
департаментінің директоры (келісім
бойынша)

- Тәжияқов Бисенғали - Ұлттық Банк төрағасының орынбасары
Шамғалиұлы
- Әлімжанов - "Қазақстан Республикасының Заң
Сұлтан Дастанбекұлы шығару институты" жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің құқықтық мониторинг,
қабылданатын нормативтік құқықтық
актілердің салдарын болжау және
жемқорлыққа қарсы сараптама басқармасының
бастығы (келісім бойынша)
- Жолдасбаева - Қазақстан Республикасының
Нұрлығайым Шалданқызы Парламенті Сенатының депутаты
(келісім бойынша)
- Уақпаев - Қазақстан Республикасының
Марат Сұлтанұлы Парламенті Сенатының Аппараты
сараптама бөлімінің меңгерушісі
(келісім бойынша)
- Құсайынов - Қазақстан Республикасының
Марат Әпсметұлы Экономика және бюджеттік
жоспарлау вице-министрі
- Дәленов - Қазақстан Республикасының
Руслан Ерболатұлы Қаржы вице-министрі
- Тұрғанов - Қазақстан Республикасының
Дүйсембай Нұрбайұлы Энергетика және минералдық
ресурстар вице-министрі
- Үкібаев - Қазақстан Республикасы
Ермек Елеуханұлы Республикалық ұланы
Қолбасшысының бірінші
орынбасары (келісім бойынша)
- Тәжияқов - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Бисенғали Шамғалиұлы Банкі Төрағасының орынбасары
(келісім бойынша)
- Құрманғалиев - Қазақстан Республикасы Парламенті
Әсет Қабиұлы Мәжілісіндегі "Нұр Отан" халықтық-
демократиялық партиясының фракциясы
аппаратының басшысы (келісім бойынша)
- Дәулеталин - Қазақстан Республикасының
Сатыбалды Телағысұлы Парламенті Мәжілісінің Аппарат Басшысының
орынбасары (келісім бойынша)

Қасымов - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
Ақылтай Ахметжанұлы азаматтық істер жөніндегі алқа
төрағасының міндетін атқарушы
(келісім бойынша)

Сәдуақасова - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны
Елдана Мәкенқызы қорғау вице-министрі

Нұрымбетов - Қазақстан Республикасының Еңбек және
Біржан Бидайбекұлы халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Байжанов - Қазақстан Республикасы "Сырбар" сыртқы
Ғабит Жақыпбайұлы барлау қызметі директорының бірінші
орынбасары (келісім бойынша)

Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.02
N 89 , 2005.05.23 N 493 , 2005.11.25 N 1165 , 2006.03.15 N 172 ,
2006.09.07 N 846 , 2007.03.20 N 217 , 2007.10.05 N 905 , 2008.04.07
N 323 , 2008.06.16 N 587 , 2008.12.24 N 1248 , 2009.05.15. N 728 Қаулыларымен.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

3

т а м ы з д а ғ ы

N

8 2 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Азаматтық заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Азаматтық заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңес органы болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның міндеттері мен құқықтары

3. Комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) қолданыстағы азаматтық заңнаманы талдау;
- 2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және нормативтік

кесімдеріне азаматтық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі мемлекеттік органдардың ұсыныстарын қарау;

3) азаматтық заңнаманы жетілдіру жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсыныстар енгізу;

4) Комиссияның құзыретіне жататын өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

4. Өзінің міндеттеріне сәйкес Комиссияның:

1) орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен іс-әрекет жасауға;

2) азаматтық заңнаманы жетілдіру мәселелері жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуге;

3) Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдерін (келісім бойынша) Комиссияның отырыстарына шақыруға және тыңдауға;

4) Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды мемлекеттік және басқа да ұйымдардан заңнамада белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;

5) уақытша және тұрақты жұмыс істейтін сарапшылық және жұмыс топтарын ұйымдастыруға;

6) Комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарға құқығы бар.

3. Комиссия жұмысын ұйымдастыру

5. Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, оның отырыстарына төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның функциясын орынбасары орындайды.

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

7. Жұмысты ұйымдастыруды, тиісті құжаттарды, материалдарды даярлауды және Комиссия отырысынан кейін хаттама ресімдеуді Комиссия хатшысы жүзеге асырады.

Комиссия отырысын өткізуге материалдар дайындауды Комиссия хатшысы жүзеге асырады, оларды отырысқа дейін кемінде 3 күн бұрын Комиссия мүшелеріне жібереді.

8. Комиссияның отырыстары күнтізбелік жылғы айдың төртінші дүйсенбісінде, қажет болған кезде Комиссия төрағасы белгілейтін өзге де күндерде де өткізіледі. Комиссияның отырысы Комиссия мүшелері жалпы

санының кемінде жартысы қатысқан кезде заңды деп саналады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 172 қаулысымен.

9. Отырыстардың күн тәртібін, сондай-ақ олардың өткізілетін орны мен уақытын Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің келісімі бойынша белгілейді және нақтылайды.

10. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер, олар үшін Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берген болса, қабылданды деп саналады, Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және Комиссия хаттамасына қоса берілуі тиіс.

11. Комиссия ұсыныстарын Комиссия атынан Комиссия құрамының кемінде жартысының ауызша немесе жазбаша келісімі бойынша Комиссия төрағасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді.

12. Комиссияның құзыретіне қатысты қажетті материалдарды әзірлеу үшін ұйымдар, жоғары оқу орындары, сондай-ақ ғалымдар мен жоғары білікті мамандар тартылуы мүмкін.

13. Комиссия өз жұмысын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде өз жұмысын тоқтатады.